

МРНТИ 14.29.05
УДК 1174

Ж.И.Сардарова¹, К.Р. Аширова²

¹ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., қауымдас.профессор, sardar.zh@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 7М01906 – Арнайы педагогика: инклюзивті білім беру мамандығының 2 курс магистранты Kamilashirova@yandex.kz
Қазақстан, Алматы қаласы

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ НАШАР ЕСТИТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада цифрлық технологиялар арқылы нашар еститін балалардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылды. Ақпараттық сауаттылық бүгінгі таңда кез – келген адам үшін маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылады. Себебі, бүгінгі заманауи тенденциялар әрбір адамның ақпараттық тұрғыдан сауатты болуын талап етеді. Бұл олардың білім алуына, қызмет барысына, сондай – ақ, ақпарат алмауы мен ақпаратты тарата білуіне ықпал етеді. Демек, мұндай сауаттылық әр балаға қажетті, әрбір бала үшін маңызды және өзекті сауаттылық ретінде қарастырылады. Соның ішінде, есту қабілеті нашар балалар үшін мұндай сауаттылық ақпаратпен сапалы жұмыс істеудің басты көрсеткіштерінің бірі болып саналады.

«Ақпараттық сауаттылық» ұғымы алғаш рет 1977 жылы АҚШ жоғары білім берудің ұлттық бағдарламасында аталады. Бұл ұғым тек қана ақпараттық технологиялармен жұмыс қана емес, сондай – ақ, ақпаратты өңдеу, ақпаратты тарату, ақпаратты талдау және бағалау, сонымен қатар, деректердің негіздерін құру дағдыларын білдіреді. Яғни, ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру жолдары мен ерекшеліктерін зерттеу өзекті зерттеу тақырыбы екендігі сөзсіз.

Есту қабілеті нашар балалардың бұзылыс түрінің ерекшелігіне орай олардың ақпаратты алу ауқымы тарылған болып келеді. Ақпараттың шектелгендігіне байланысты олардың ақпараттарын, қарым – қатынас барысындағы диалогтарын сапалы ету маңызды болып табылады. Ол үшін ақпараттық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру жұмысы ұйымдастырылуы тиіс.

Мақала барысында «ақпараттық сауаттылық» ұғымына талдау жасалып, оны қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылды.

Кілттік сөздер: нашар еститін балалар, ақпарат, ақпараттық сауаттылық, цифрлық технологиялар, бастауыш сынып.

Ж.И.Сардарова¹, К.Р.Аширова²

¹ научный руководитель, д.п.н., ассоц.профессор, sardar.zh@mail.ru

²КазНПУ имени Абая, магистрант 2 курса по специальности 7М01906-Специальная педагогика: инклюзивное образование, Kamilashirova@yandex.kz
Казахстан, г. Алматы

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ ГРАМОТНОСТИ СЛАБОСЛЫШАЩИХ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

В данной статье рассмотрены особенности формирования информационной грамотности слабослышащих детей с помощью цифровых технологий. Информационная грамотность сегодня является одной из важнейших компетенций для любого человека. Это связано с тем, что современные тенденции сегодня требуют, чтобы каждый человек был информационно компетентным. Это способствует их образованию, процессу деятельности, а также способности получать информацию и распространять информацию. Следовательно, такая грамотность рассматривается как необходимая для каждого ребенка грамотность, важная и актуальная для каждого ребенка. В частности, для детей с нарушениями слуха такая грамотность считается одним из главных показателей качественной работы с информацией.

Понятие «информационная грамотность» впервые упоминается в национальной программе высшего образования США в 1977 году. Под этим понятием подразумеваются навыки не только работы с информационными технологиями, но и обработки информации, распространения информации, анализа и оценки информации, а также построения основ данных. То есть изучение путей и особенностей формирования информационной грамотности, несомненно, является актуальной темой исследования.

Из-за специфики типа расстройства у детей с нарушениями слуха их диапазон получения информации сужается. В связи с ограниченностью информации важно сделать их информацию, диалоги в процессе общения качественными. Для этого должна быть организована работа по формированию навыков информационной грамотности.

В ходе статьи был проведен анализ понятия «информационная грамотность», рассмотрены особенности ее формирования.

Ключевые слова: слабослышащие дети, информация, информационная грамотность, цифровые технологии, начальный класс.

Zh.I.Sardarova¹, Ashirova K.R.²

¹ d.p.n., associate professor, sardar.zh@mail.ru

*²Abai KazNPU, 2 nd-year master's student in the specialty 7M01906- Special pedagogy:inclusive education, Kamilashirova@yandex.kz,
Kazakhstan, Almaty*

FEATURES OF THE FORMATION OF INFORMATION LITERACY OF HEARING-IMPAIRED YOUNGER SCHOOLCHILDREN BASED ON DIGITAL TECHNOLOGIES

Annotation

This article discusses the features of the formation of information literacy of hearing-impaired children using digital technologies. Information literacy today is one of the most important competencies for any person. This is due to the fact that modern trends today require everyone to be informationally competent. This contributes to their education, the process of activity, as well as the ability to receive information and disseminate information. Therefore, such literacy is considered as a necessary literacy for every child, important and relevant for every child. In particular, for children with hearing impairments, such literacy is considered one of the main indicators of high-quality work with information.

The concept of «information literacy» was first mentioned in the USA national Higher Education Program in 1977. This concept implies the skills not only of working with information technologies, but also of information processing, information dissemination, information analysis and evaluation, as well as building data bases. That is, the study of the ways and features of the formation of information literacy is undoubtedly an urgent topic of research.

Due to the specifics of the type of disorder in children with hearing impairments, their range of information is narrowed. Due to the limited information, it is important to make their information, dialogues in the process of communication of high quality. To do this, work on the formation of information literacy skills should be organized.

In the course of the article, the concept of «information literacy» was analyzed, the features of its formation were considered.

Keywords: hearing – impaired children, information, information literacy, digital technologies, elementary grade.

Кіріспе. Нашар еститін балалар – есту қабілеті зақымданған балалардың жіктемесінің бір тармағы. Нашар есту қалдық естудің болуымен, сөйлеу тілінің әртүрлі деңгейдегі бұзылыстарымен сипатталады. Ал, мұндай бұзылыстар балалардың ақпарат алуын шектеп, олардың қарым – қатынасына кері ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, нашар еститін балалардың ақпараттық сауаттылығы қалыпты даму жағдайындағы балаларға қарағанда төменірек болады [1].

Ақпараттық сауаттылық – адамның өзге адамдардан немесе басқа ақпарат көздерінен алған ақпаратын өңдеу, тарату және талдау мен саралау қабілеті. Яғни, ақпаратпен сапалы жұмыс істей білу деуге болады. Анықтамада келтіргендей ақпаратты тек қана адамдардан ғана емес, сонымен қатар, бүгінгі таңда басқа да ақпарат көздерінен алуға болады. Оған смартфон, компьютер сайттары, газет –

журналдар, сонымен қатар маркетинг құралдарын жатқыза аламыз. Алайда, олардың барлығында таралып жатқан ақпаратты үнемі шынайы, нақты деп айтуға келмейді. Сол себепті, әрбір адам өзі естіген ақпаратты өңдеп, талдай алуы тиіс. Ал, ол үшін ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру өзекті болып табылады. Жоғарыда аталған нашар еститін балалардың даму ерекшеліктерін ескеретін болсақ – бұл өзектілік екі есе арта түседі [2].

Әдебиеттерге шолу. Есту – сыртқы ортадан ақпаратты алудың басты құралы. Адам баласы есту арқылы қарым – қатынас жасап, есту арқылы өз әрекетін басқарады. Есту қабілеті сәбидің құрсақшілік кезеңінен бастап дамып, туа салысымен өз қызметін атқаратын мүшеге айналады. Алайда, өмірге келетін сәбилердің бір бөлігінде мұндай мүмкіндік жоқ. Себебі, олар есту қабілетінен толық айырылған немесе жартылай қалдық естуі ғана бар бала болып дүниеге келуі мүмкін. Есту қабілетінің бұзылысы бар балалардың ішінде нашар есту жағдайы жиі кездеседі. Мұндай жағдайда баланың өмір сапасының бірнеше көрсеткіші төмендеп, кейбір құзыреттіліктер өздігінен қалыптаспайды. Соның бірі – ақпараттық сауаттылық [3, 4].

«Ақпараттық сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдан бастап кеңінен қолданылып келе жатқан терминдерді бірі. Соңғы онжылдықта бұл термин тіптен белең ала бастады деуге болады. Аталған сауаттылық түрін зерттеген авторлар бұл терминді бірнеше қырынан ашып зерттеген болатын.

Завьялова А.Н. еңбектерінде ақпараттық сауаттылықты жаңа ақпараттық технологиялар арқылы әлеуметтік – мәдени, сонымен қатар кәсіби ортада туындаған мәселелер қатарын ұтымды шешу деп бағалаған болса, Семенова А.Л. бұл ұғымды адамдардың жаңадан алған ақпаратын белгілі бір мәселелерді шешу барысында өз бетінше өңдеуі мен талдауы ретінде қарастырады [5, 6].

Демек, авторлардың бұл терминге берген екі түрлі анықтамасын талдай отырып, оларға ортақ бір мәнін бөліп ала аламыз. Сонымен, ақпараттық сауаттылық бұл адамдардың ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті болып табылады. Ал, бұл қабілеттер қажетті ақпаратты іздену, ақпаратты тарату, ақпаратты өңдеу, ақпаратты бағалау және ақпаратты жаңа технологиялар арқылы өзектендіру дағдыларын қамтиды.

«Ақпараттық сауаттылық» туралы айта отырып, оның мынадай сипаттамаларын атап өтуге болады:

1. Оқушы ұқыпты және мағыналы ақпараттың қажеттілігін түсінуі, сұрақтарды тұжырымдай білуі, ақпарат көздерін анықтауы және ақпаратты табудың сәтті стратегияларын қолдануы керек. Тиісті ақпаратты тапқаннан кейін студент фактілер қайда, пікірлер қайда екенін түсініп, қажет емес ақпаратты тастауы керек.

2. Табылған ақпаратпен алмасу үшін оқушы бұл ақпаратты ұйымдастырып, оны өз білімімен біріктіруі керек. Ол үшін сыни ойлау дағдылары мен проблемаларды шешу дағдыларын қоса дамыту керек [7].

3. Оқушы ақпараттық сауаттылыққа ие болғаннан кейін, өмір бойы өз бетінше оқуды жалғастыра отырып, өзінің жеке мүдделері үшін білгендерін қолдана бастауы керек.

4. Оқушы тек сенімді және қызығушылық танытатын оқырман болып қана қоймай, сонымен бірге ұсынылған ақпаратты бағалай білуі және оны әртүрлі құралдардың көмегімен ұсына білуі керек [8].

5. Оқушы ақпаратты пайдалану процесін, қол жеткізілген нәтижелерді бағалауы, жұмысын қайта қарау, жақсарту немесе жаңарту жолдарын табуы керек.

6. Оқушы ақпараттың жауапты тұтынушысы болуы керек, басқалардың идеяларына дұрыс сілтеме жасай отырып, зияткерлік еркіндік пен зияткерлік меншік құқығының принциптерін құрметтеуі керек. Ол демократиялық қоғам басқа адамдардың идеялары мен пікірлерін құрметтеуге негізделгенін түсінуі керек.

7. Оқушы ақпаратты іздеуде және пайдалануда басқалармен ынтымақтаса білуі керек, содан кейін өз қызметінің нәтижелерімен бөлісе білуі керек [9].

Бұл ретте оқушының жасына қарай қол жетімді ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалана отырып, ақпаратпен тиімді жұмыс істеуі маңызды.

Жоғарыда атап өткендей, бүгінгі ғасыр дамыған технологиялар дәуірі болғандықтан ақпараттық сауаттылығы төмен адамдардың бұл дағдыларын дамытудың бірден – бір озық құралы цифрлық технологиялар болып табылады. Цифрлық технологиялар бүгінгі таңда барлық саланы жаулап алған кең спектрлі технологияға айналды. Бұл технологиялар ақпаратты жеткізу жылдамдығы, оны өңдеу мен саралаудың ыңғайлылығымен басымдыққа ие болып келеді. Сондай – ақ, цифрлық технологиялар өзгермелі жағдайларға бейім болғандықтан, қалыпты нұсқасын ерекше білімді қажет ететін балаларға қарай бейімдеп қолдануға мүмкіндік туғызады [10].

Жоғарыда қарастырғандай, мақала барысында нашар еститін балалардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру жайын зерттейтін боламыз. Нашар еститін балалардың ақпараттық сауаттылығының деңгейінің төмендігі бастауыш сынып жасында айқын көріне бастайды. Себебі, балалар мектепке келісімен белгілі бір деңгейдегі ақпарат көздерімен жұмыс істейді. Осы кезде бала ақпаратты қабылдауда және оны таратуда қиындықтарға тап болады. Сол себепті, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін ақпараттық сауаттылықты дамытуға жұмылдыру тиімді болмақ.

Зерттеу әдістері және материалдары. Нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылығының даму деңгейінің экспериментке дейінгі жағдайын анықтау мақсатында анықтаушы эксперимент жұмысы ұйымдастырылды. Эксперименттік жұмысқа «нашар есту» аңғарымы қойылған 16 оқушы қатысты. Тәжірибеге дейінгі анықтаушы кезеңде мынадай әдістер қарастырылды:

1. «Ақпарат көзі» әдісі;
2. «Ақпаратты өңдеу» әдісі;
3. «Компьютер» әдісі.


Зерттеу нәтижелері. Анықтаушы кезеңге ұсынылған әдістердің барлығы жеке – жеке өткізіліп, бағалау критерийлері ақпараттық сауаттылықтың төмен, орта және жоғары деңгейі ретінде бағаланды. Әрбір әдістің нәтижелері мен оқушылардың сапалық көрсеткіштерінің ортақ сипаттамасын ұсынамыз.

«Ақпарат көзі» әдісі бойынша оқушыларға экспериментті өткізуші бірнеше ақпарат тізбегін атап оқып шықты. Ақпаратты оқу барысында балаларға айтылғандардың ішінен нақты ақпараттық мәнін ашатын негізгі тезистерді табуға тапсырма берілді. Эксперимент жұмысына қатысушылардың ішінде бұл тапсырманы 9 оқушы төмен деңгейде, 5 оқушы орташа деңгейде және 2 оқушы жоғары деңгейде орындап шықты. Тапсырманы орындау кезінде балалардың ақпаратты өңдеу дағдысының төмен екендігі айқын байқалды. Себебі, балалар ақпаратты тыңдау кезінде олардың мәнін сараламайды, негізгі ақпарат көзін іріктеп бөліп көрсете алмайды. Соның салдарынан балалар ұсынған ақпарат екінші тарапқа сапасыз және біртекті болып көрінеді.

«Ақпаратты өңдеу» әдісінің барысында балалардың ақпарат көзін қаншалықты түрлендіре алатындығына талдау жасалды. Әдіс барысында балаларға ақпарат түрі ұсынылып, оны әртүрлі өңдеуден өткізуге тапсырма берілді. Мәселен, бала ақпараттың алғашқы нұсқасын алып, оны мессенджерлер арқылы бір адамға жазады. Жазу барысында аудио және графикалық мүмкіндіктерді қолдануының деңгейі анықталады. Сондай – ақ, ақпаратты өңдеу кезіндегі ақпарат ағынының мәні мен түйінін жеткізе білуіне де баға беріледі. Бұл әдіс кезінде топтағы 8 бала төмен, 4 бала орташа және 4 бала төмен деңгейге ие бола алды.

«Компьютер» әдісі кезінде алынған нәтижелердің көрсеткіштеріне назар аударар болсақ, бұл әдіс кезінде 2 бала жоғары, 4 бала орташа және 10 бала төмен деңгей иелене алды. Зерттеу экспериментінің негізінде алынған нәтижелер арқылы мына диаграмма салынды:

Бастапқы сынақтан өткізу жұмысының нәтижелерін төменгі суретте ұсынамыз.



Сурет 1 – Бастапқы көрсеткіштер

Зерттеу тәжірибесінің алғашқы кезеңіне ұсынылған көрсеткіштерді саралай келе, бастауыш сыныпта білім алатын нашар еститін оқушылардың ақпараттық сауаттылық деңгейін төмен деуге негіз бар. Бұл ең алдымен дәлелді түрде эксперимент барысында нақты көрініп отыр. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің деңгейін негізге ала отырып, нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылық деңгейін цифрлық технологиялар арқылы дамыту тәжірибесін ұйымдастырдық. Бұл әдісті қолдану да бірқатар ерекшеліктерден тұрады.

Ең алдымен, цифрлық технологиялар балалардың даму ерекшелігіне қарай белгілі бір уақыт көлемінде қолданылуы тиіс. Мәселен, нашар еститін балалар үшін бұл қарым – қатынастың альтернативті құралы бола алатындықтан сабақтарда немесе әдеттегі қарым – қатынас барысында қолдану мүмкіндігі болуы тиіс. Ал, нақты түзету жұмысының барысында қолдану ерекшелігіне келсек, бастауыш сынып жасында 10 – 15 минуттан аспауы қажет.

Ақпараттық сауаты басым қоғамды тәрбиелеу, оқушылардың ақпаратты алуы ғана емес, сонымен қатар, оны тарату мен өңдеуі кезіндегі сапаны қамтамасыз ету тек қана білім саласына ғана емес, сонымен қатар, мемлекет деңгейіндегі маңызы бар міндеттердің бірі болып табылады.


Бүгінгі таңда зерттелетін материалды игерудің тиімділігі оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасу деңгейіне байланысты екендігі дәлелденді. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда бастауыш мектепке ерекше рөл беріледі. Қолда бар мәлімдемелерге сәйкес, бұл бастауыш мектеп жасы баланың дамуының ең жауапты кезеңдерінің бірі болып табылады, өйткені осы кезеңде оқу іс-әрекеті, атап айтқанда оның танымдық мотивациясы мен белсенділігі қалыптасады, бұл оқушының одан әрі оқуына әсер етеді. Бұл орайда, білім берудің әрбір кезеңінде цифрлық технологиялар мен ресурстар кеңінен қолданылады.


Тәжірибелік – жұмыс барысында нашар еститін балалардың ақпараттық сауаттылығын арттыру мақсатында электронды ресурстар, мессенджерлер, графикалық тақталар, компьютерлік бағдарламалар қолданылды. Жұмыстың бірінші кезеңінде балаларға ақпараттық құралдардың нашар еститін балаларға ұсынылған мүмкіндіктері таныстырылды. Бұл алдағы уақытта балалардың ақпаратқа деген қол жетімділігін сапалырақ қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде оқушыларға мессенджерлер, компьютерлік бағдарламаларда ақпаратқа автоматты түрде субтитрлау, ақпараттың мәтін нұсқасын шығару тәрізді амалдарды орындау көрсетілді.

Кейінгі кезеңдерде ақпаратты өңдеу, жеткізу, тарату функцияларын жүзеге асыратын цифрлық технологиялармен жұмыс жүргізілді. Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс 3 ай көлемінде аптасына 3 рет өткізілді.

Сонымен, жүргізілген әдістерден кейін өткізілген қайталама сынақтан кейінгі нәтижелерді төменгі суреттер мен кестелерде ұсынамыз:

Әдістер	Жоғары		Орташа		Төмен	
	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
Ақпарат көзі	12	18	32	50	56	32
Ақпаратты өңдеу	25	25	25	38	50	37
Компьютер	12	18	25	38	63	44





Сурет 2 – Қорытынды көрсеткіштер

Нәтижелер және оларды талқылау. ХХІ ғасыр – ақпараттану дәуірі. Онда өмір сүретін кез – келген адам цифрлық технологиялардан хабары бар, оның элементтерін қарым – қатынаста, кәсіпте, сонымен қатар, білім алуда қолдана білуі қажет. ҚР Заңында айтылғандай кез – келген адам белгілі бір ерекшелігіне қарамастан сапалы өмірге, білім алуға құқылы. Ал, білім алуды бүгінгі таңда цифрлық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Мақалада қарастырылғандай жұмыс барысында нашар еститін балалардың ақпараттық сауаттылығын қарастырған болатынбыз. Анықтаушы эксперименттен кейін нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылығының деңгейінің төмендігі анықталды. Бұған себеп, ең алдымен олардың есту қабілетінің төмендігі болса, екінші себепін танымдық процесстердің бұзылысы болып табылады. Сондықтан, тәжірибелік – эксперименттік жұмыста цифрлық технологиялар қолданылып, ақпараттық сауаттылық дағдыларын дамыту жұмысы өткізілді.

Қорытынды. Сонымен, мақала барысында нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылық дағдыларының ағымдағы жағдайы бағаланып, оны цифрлық технологиялар арқылы дамыту жұмысы ұйымдастырылып, тиімділігі тәжірибе тұрғысынан расталды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- [1] Боскис Р.М. Глухие и слабослышащие дети. - М., 2019. – 298 б.
- [2] Информационные системы и технологии / Под ред. Тельнова Ю.Ф.. - М.: Юнити, 2017. - 544 с.
- [3] Изучение слабослышащих детей в процессе обучения: Сб. / Под ред. Р.М.Боскис. - М.: Педагогика, 2017. – 301 с.
- [4] Бордовская Н.В. Психология и педагогика. – СПб.: Питер, 2017. – 354 с.
- [5] Прохорова, С. Ю. Диагностика формирования информационной компетентности младших школьников / С.Ю. Прохорова, Е.А. Хасьянова, Н.М. Фоминых. - М.: Русское слово - учебник, 2013. - 120 с.
- [6] Гагарин, Александр Информационно-коммуникационная компетентность личности / Александр Гагарин. - М.: LAP Lambert Academic Publishing, 2014. - 148 с.
- [7] Методические рекомендации по обучению предмета «Цифровая грамотность» в начальных классах. – Нур-Султан: НАО имени Б. Алтынсарина, 2022 – 192 с.
- [8] Медиа ақпараттық сауаттылық: мұғалімдерге арналған ресурстық кітап. 3000., 2018 ISBN 978-9967-11-656-6
- [9] С. Ботамқұлова А.Б. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2015. – 90 бет.
- [10] Формирование информационной компетентности студентов педагогического вуза: монография / О.Н. Грибан; ФГБОУ ВПО «Урал. гос. пед. ун-т». – Екатеринбург, 2015. – 162 с.